

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ**

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ**

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі**

**Оқушылар мен жасөспірімдер
арасындағы құқық бұзушылықтың
алдын алу мақсатында атқарылатын
жылдық жұмыс жоспарының
іс-құжаттары**

**2023-2024 оқу жылы
ЖҮЗІМДІК АУЫЛЫ**



**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде
жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында
атқарылатын жұмыстардың жоспары.
2023-2024 оқу жылы**

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
БІРІНШІ ТОҚСАН			
1	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жыл бойы атқарылатын жұмыстар мен іс-шаралардың жоспарын жасап бекіту.	тамыз	директор орынбасары
2	Педагогикалық кеңесте оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесін талқылап, арнайы қаулы қабылдау.	қыркүйек	директор орынбасары
3	Мектеп оқушыларына мектептің ішкі тәртіп ережесі мен өмір қауіпсіздігі ережелері бойынша жиналыс өткізіп таныстыру.	қыркүйек	сынып жетекшісі
4	Жалпы ата-аналар жиналысында оқушы балалар арасындағы қылмыстың алдын алу мәселесін талқылап, арнайы қаулы қабылдау.	қыркүйек	директор орынбасары
5	Мектептегі тәрбиесі қиын балаларды анықтау, зерттеу және олармен жеке жұмыстар жүргізу.	казан	директор орынбасары
6	Мектептің 9,10,11- сынып оқушыларымен ауылдың учаскелік полиция инспекторының қатысуымен жиналыс өткізу.	казан	директор орынбасары
7	Оқушылардың сабақтан тыс уақытта немен шұғылданатыны жайлы ата-аналармен әңгіме-сұхбат жүргізу.	үнемі	сынып жетекшісі
8	«Сенім жәшігі» бойынша келіп түскен хаттармен танысу, талқылау, қорытынды жасау.	апта сайын	педагог-психолог
ЕКІНШІ ТОҚСАН			
9	Мектептің 10-11 сынып оқушыларымен «Сен өз құқығыңды білесің бе?» атты пікірсайыс өткізу.	қараша	директор орынбасары, тәлімгер
10	Сабақтан себепсіз қалатын және тәртіп бұзатын оқушылармен жұмыстар жүргізу.	үнемі	директор орынбасары, сынып жетекшісі
11	Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында психологиялық сұхбат, сабақтар	кезінде	педагог-психолог

12	өткізу. Мектептің 1-11 сынып оқушыларымен «Жол ережесін сақтай біл» тақырыбында сынып сағаттарын өткізу.	жоспарға сай	сынып жетекшісі
13	Мұғалімдер мен оқушылар және ата-аналар арасында «Жасөспірімдердің құқық бұзушылығының алдын алу» тақырыбында түрлі сауалнамалар алып, диагностика жұмыстарын жүргізу.	жоспарға сай	директор орынбасары, педагог-психолог
14	Мектеп ұжымымен және ата-аналармен «Бала құқығы» тақырыбында семинар өткізу.	желтоқсан	директор орынбасары
15	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты «Мобильді топ» құрып, полиция және әкімшілік қызметкерлерімен бірлескен рейдтер жүргізу.	жоспарға сәйкес	кезекші мұғалімдер
ҮШІНШІ ТОҚСАН			
16	Мектептің 7-11 сынып оқушыларына құқықтық тақырыпта түрлі бейнероликтер мен фильмдер көрсету.	қаңтар	директор орынбасары, тәлімгер
17	Жасөспірімдер арасындағы құқықтық тәртіп бұзушылыққа байланысты мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған үндеулер мен мақалаларды оқушыларға таныстырып, талқылап отыру.	үнемі	директор орынбасары, сынып жетекшісі
18	«Құқықтық сауаттылық - заман талабы» тақырыбында құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша дөңгелек үстел өткізу.	ақпан	директор орынбасары, тәлімгер
19	Аудандық ішкі істер бөлімінің ювеналды полиция қызметкерлерімен кездесу өткізу.	тоқсан сайын	директор орынбасары
20	Психологиялық жеке және топтық кеңестер беру.	үнемі	педагог-психолог
21	Оқушылар арасында қысым көрсету, әлімжеттік жасау, ақша жинау т.б. әрекеттерді анықтау мақсатында жұмыстар жүргізу.	үнемі	сынып жетекшісі, педагог-психолог
22	Оқушылар арасында құпия сауалнамалар жүргізіп, құқық бұзушылыққа бейім оқушыларды анықтау.	жоспарға сәйкес	сынып жетекшісі, педагог-психолог
23	Мектептің 5-11 сынып оқушыларына ауылдың учаскелік инспекторының қатысуымен «Ұрлық түбі – қорлық» атты лекция өткізу.	наурыз	директор орынбасары
24	Тәрбиесі қиын және құқық бұзушылыққа бейім оқушылармен психодиагностикалық жұмыстар жүргізу.	үнемі	педагог-психолог

25	Барлық сыныптарда құқықтық тәрбиеге байланысты тәрбие сағаттарын өткізу.	жоспарға сай	сынып жетекшісі
ТӨРТІНШІ ТОҚСАН			
26	Мектеп мұғалімдеріне жасөспірімдердің арасындағы түрлі құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында «Қылмыс түбі – өкініш» тақырыбында баяндама оқу.	сәуір	директор орынбасары
27	Оқушылар және ата-аналармен түрлі құқықтық тақырыптарда тренинг, пікірсайыстар ұйымдастыру.	жоспарға сай	педагог-психолог
28	Оқушылардың қатысуымен темекі тартуға, ішімдік інуге және нашакорлыққа қарсы акциялар өткізу.	тоқсан сайын	сынып жетекшісі, тәлімгер
29	Құқық бұзушылық әрекеттерге бейім, ішімдік, есірткі және психотроптық заттарды қолданатын және күнкоріс қамы үшін қиын да арзан жұмыстарға жалданатын жасөспірімдерді анықтау мақсатында «Балалар түнгі ауылда», «Бала еңбегін қанау» тақырыбында рейдтер ұйымдастыру.	жоспарға сай	директор орынбасары, сынып жетекшісі
30	Балалардың жазғы демалысы кезінде суға шомылу қауіпсіздігіне байланысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу және өзен, көлдерге рейдтер ұйымдастыру.	мамыр маусым шілде тамыз	директор орынбасары, сынып жетекшісі
31	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты атқарылған жұмыстарды педагогикалық кеңесте талқылап, қорытындылау.	мамыр	директор орынбасары

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасарлары:



К.Усенов
Р.Есжанова

**№31 Ш.У.Әлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі,
Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында трамадол
препаратының зияны мен оның алдын алу мақсатында өткізілген
жиналыстың хаттамасы**

13.09.2023 жыл

Жүзімдік ауылы

Қатысқандар:

Мектеп директоры – А.Камбаровна,
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары - К.Усенов, Р.Есжанова,
Келес АПБ ЖПҚ ЮИТ инспекторы полиция капитаны А.Е. Интикбаева,
Мектептің 8,9,10,11 сынып оқушылары.

Күн тәртібінде:

1.Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында трамадол препаратының зияны мен оның алдын алу туралы.

Тыңдалды:

Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында трамадол препаратының зияны мен оның алдын алу туралы тақырыбындағы жиналысты мектеп директоры А.Камбаровна ашып берді. Жыныға қатысушыларды таныстырды.

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша Келес АПБ ЖПҚ ЮИТ инспекторы полиция капитаны А.Е. Интикбаева сөз алып, қазіргі кезде есірткінің бағасы арзан баламаларының түрі көбейіп кеткен. Трамадол деген қандай дәрі? Оған жастар неге құмар? Осы сұрақтарды қоя отырып, оның құрамында есірткі болатынын айтып, яғни нашақорлықтың бір түрі екенін айтты. трамадолды үнемі қолдану сіздің михимияңызды өзгертеді, бұл сізге рахат сезінуге етеді. Бұл сіз бастағаннан кейін есірткіні қолдануды тоқтату қиынға соғу мүмкін. Қолданушы массаға жету үшін бірден 10 және оданда көп мөлшерде қабылдайды. Мұндай дозада ол есінен танып, қалшылдап, аузынан көбігі шығатын қояншық ауруына ұқсайтын ұстама ауруын туғызуы мүмкін. Препаратқа тәуелділігі артып кеткен жасөспірімдер мен бозбалалар үйлерінен заттарды ұрлап, туысқандарына өтірік айтып, сабақтарынан қала бастайды. Трамадол – есірткілі анальгетик, апииндық рецепторлардың агонистік тобына жатады. Күшті анальгетикалық белсенділікке не жылдам және ұзақ әсер береді. Белсенділігі бойынша бірдей мөлшерде (тіпсіңше мөлшерде қолданылады) морфиннен кейінгі орында.

Жанама әсері;

Нерв жүйесіне әсер етеді. Қатты тер бөлінуі, бас айналу, бас ауру, әлсіздік, қатты шаршау (ашушандық, тағатысыздану, эмоционалды тұрақсыздық, елестеушілік) тб ұзақ қолданған кезде дәріге тәуелділік орын алады. Күрт тоқтатқанда – бас тарту синдромы пайда болады.

Трамадолды пайдалану адам өміріне өте қауіпті екені соңшалықты тікелей өлімге әкеп соғуы мүмкін. Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу керектігін атап өтті.

Жиналыста кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың зардабы туралы, адам өміріне қауіпті түрлі дәрілік заттарға тәуелділіктен аулақ болу туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов оқушыларға жалпы қылмыс атаулыдан аулақ болуды, білім алу, сабақтан бос уақытты тиімді пайдалану керектігін айтты. Өзінің үлкендік ақылын айтып, балалық шақтарын жақсы да мәнді етіп өткізуге шақырды.

Сонымен бірге мектептің медбикесі Қ.Тілеуова жасы кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында түрлі дәрілік заттарға тәуелділіктің қиындығы мен зардабы туралы нақты дәлелдермен түсіндіріп өтті. Жиналыс соңында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Есжанов «Көкейде жүрген сауал» (сұрақ-жауап) оқушыларға өздерін қызықтырып жүрген сұрақтарын қоюға болатынын ескертті. Оқушылар өздерінің сұрақтарын қойды.

Қаулы:

1. Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында трамадол препаратының зияны мен оның алдын алу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерге міндеттелсін.

**Мектеп директоры;
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары;
Келес АПБ ЖПК ЮПТ
инспекторы полиция капитаны:**

Жиналыс хатшысы:

 **А.Камбарова**

 **К.Усенов**

 **А.Е. Интикбаева**

 **Р.Есжанова**



Келес ауданының білім бөліміне
№31 Ш.Уәлиханов атындағы
жалпы білім беретін
мектебінің әкімшілігінен

МӘЛІМЕТ

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінің әкімшілігі, төмендегіше мәлімет береді: Түркістан облысының білім басқармасының 21.11.2023 жылғы №16-16/8272 санды хаты мен Келес ауданының білім бөлімінің 22.11.2023 жылғы №230-19/02-03/1379 санды хатына сәйкес, мектепте 15-25 қараша күндері аралығында 20-қараша «Дүниежүзілік балалар күніне» байланысты республикалық «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты онкүндік іс-шаралар өткізілді. Соған байланысты мектепте өткізілетін іс-шаралардың жоспары жасалып бекітілді. Алдымен мектеп мұғалімдері мен оқушыларға және ата-аналар қауымдастығына аталған шараның мақсаты мен маңызы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Республикалық онкүндік төмендегі негізгі бағыттар бойынша жүргізілді: 1) «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір», 2) «Балалық шақты бірге қорғайық», 3) «Бақытты бала – бейбіт елдің тірегі», 4) «Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын!», 5) «Бала құқығы – асыл қазына», 6) «Түнгі қаладағы балалар», 7) «Балалар игілігі үшін», 8) «Тегін білген текті елдің ұрпағымыз!», 9) «Мен бақытты баламын!», 10) «Мен және менің құқығым», 11) «Менің құқықтарым».

Мектептегі республикалық онкүндік барысында отбасылық спорт сайысы, құқық қорғау органдарының өкілдерімен және ата-аналар қауымдастықтарымен кездесулер, бақытты балалық шақ бейнеленген сурет байқауы, эссе байқауы, қайырымдылық акциясы, этно-ұлттық сайыстар, дебат сайысы мен викториналық сайыстар, спорттық жарыстар өткізілді.

Жалпы республикалық онкүндік аясында мектепте өткізілген іс-шаралардың оқушылар үшін тәрбиелік мәні зор болды.

Мектеп директоры



А.Камбарова

**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Мектептің 2023-2024 оқу жылының тәрбие жоспарына сәйкес мектеп оқушылары мен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктілік пен суицидтің алдын алу мақсатында жүргізілетін профилактикалық жұмыстар бойынша 8-11 сыныптардың оқушыларына Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ-ның инспекторымен бірлесіп

откізілген жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

11.10.2023 жыл

Жүзімдік ауылы
Қатысқандар – 185 адам.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектепте 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылықтың профилактикасы туралы» Заңына сәйкес атқарылатын іс-шаралар туралы. Баяндамашы - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов.
2. Мектеп оқушылары мен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктілік пен суицидтің алдын алу мақсатында жүргізілетін профилактикалық жұмыстар туралы. Баяндамашы – Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ-ның инспекторы, полиция капитаны А.Е.Иитикбаева.
3. Түрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов сөз алып, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңына, Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 Заңының талаптарына сәйкес Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктіліктің, суицидтің, панасыздық пен қаңғыбастықтың алдын алу мақсатында профилактикалық іс-шаралар бойынша атқарылатын жұмыстар туралы айтып өтті.

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктілік пен суицидтің алдын алу мақсатында жүргізілетін профилактикалық жұмыстар бойынша, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында ауыл көлемінде нұсғыл түрде жедел-профилактикалық іс-шаралар жүргізіліп, рейдтер, акциялар, ақпараттық-

түсіндіру жұмыстары атқарылды. Аталған іс-шаралар ата-аналар қауымдастығының, қоғамдық ұйымдардың, жергілікті ауыл әкімдігі қызметкерлері мен ауылдың учаскелік полиция өкілінің қатысуымен біргелікте жүргізілді. Жоспарға сәйкес мектеп мұғалімдері мен оқушылары және ата-аналарға тәрбиелік шаралар, сынып сағаттары, семинар-кеңестер, психологиялық тренингтер, дөңгелек үстелдер, кездесулер мен жиналыстар, психодиагностикалық жұмыстар мен сауалнамалар алу, сұхбаттасу мен кеңес беру беру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, профилактикалық шаралар барысында мектепте құрылған мобильді топ тарапынан күндізгі және түнгі рейд жұмыстары ұйымдастырылды.

Жалпы мектептегі жоспарға сәйкес балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында және кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктіліктің, суицидтің, панасыздық пен қаңғыбастықтың алдын алу мақсатында жүргізілетін жұмыстарға ауылдағы қоғамдық ұйымдар, ата-аналар қауымдастығы, «Аналар кеңесі», «Әкелер кеңесі», «Ұлдар кеңесі», «Қыздар кеңесі», «Жастар ұйымы», «Өзін-өзі басқару ұйымдары» жұмылдырылған.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, Келес АПБ ЖПҚ ІОПТ-ның инспекторы, полиция капитаны А.Е.Интикбаева сөзге шығып, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктіліктің, суицидтің, панасыздық пен қаңғыбастықтың алдын алу мақсатында балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында және кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктіліктің, суицидтің, панасыздық пен қаңғыбастықтың алдын алу мақсатында аудан көлемінде шұғыл түрде жедел-профилактикалық іс-шаралар жүргізіліп, рейдтер, акциялар, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары атқарылып жатқанынан хабардар етті. Аталған іс-шаралар жергілікті ауыл әкімдігі қызметкерлері мен ауылдың учаскелік полиция өкілінің қатысуымен біргелікте жоспарлы түрде жүргізіліп жатқанын айтты. Ол өз сөзінде қазіргі уақытта жалпы мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында заңсыз автокөлік жүргізу, түнгі мезгілде жүру фактілері жиілеп, төбелес, атыс, пышақтасу, ұрлық сияқты қылмыстар көбейіп тұрғанын көпшілікке жеткізді. Аудандық полиция бөлімі тарапынан кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, сәтсіз отбасылар мен қадағалаусыз қалған балаларды анықтау мен жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында күндізгі және түнгі профилактикалық рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылып жатқанын және алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстар жалғасатынын айтты.

Жиналысты қорытындылаған мектеп директоры А.Камбарова, жалпы мектепте алдағы уақытта жоспарға сәйкес балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында және кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктіліктің, суицидтің, панасыздық пен қаңғыбастықтың алдын алу мақсатындағы профилактикалық іс-шаралар жүргізіліп, рейдтер, акциялар, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен тәрбиелік шаралар жалғасатындығын айтты.

ЖИНАЛЫС ҚАУЛЫСЫ:

1. Мектептің 1-11 сынып оқушылары мен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктілік пен суицидтің алдын алу мақсатындағы профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу сынып жетекшілерге міндеттелеін.

2. Мектеп оқушылары мен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктілік пен суицидтің алдын алу мақсатында мектеп қызметкерлері Келес АПБ-мен бірлесе профилактикалық жұмыстар жүргізілсін.

Мектеп директоры:



А.Камбарова

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасарлары:

К.Усенов
Р.Есжанова

Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ-ның
инспекторы, полиция капитаны:

А.Е.Интикбаева

Жиналыс хатшысы:

Г.Мусакулова



БҰЙРЫҚ

№ 196

ПРИКАЗ

19.11.2023 жыл

**Мектепте «Зорлық – зомбылық қарсы
16 күн белсенділік» науқанын өткізу туралы.**

Түркістан облысы білім басқармасының 2023 жылғы 21 қарашадағы
№ 16-16/8284 хатына сәйкес, Келес ауданы білім бөлімінің 29.11.2023 жылғы
№230-19/02-03/1411 санды хатын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» науқаны 29 қараша мен
26 желтоқсан аралығында өткізілсін.
2. Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың, әлімжеттіліктің, зорлық-
зомбылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, сынып
сағаттары, бейне роликтер көрсету сынып жетекшілерге тапсырылсын.
3. «Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 күн» науқаны аясында ата-аналар мен сынып
жетекшілер, оқушылар арасында семинар-тренингтер, байқаулар ұйымдастыру
мектептің педагог-психологтарына жүктелсін.
4. Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың, әлімжеттіліктің алдын алу
мақсатында ата-аналармен жиналыс, түнгі, күндізгі рейдтер ұйымдастыру
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.
5. Отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Мен және менің
отбасым», «Әкем, анам, мен» тақырыптарында спорттық жарыстар ұйымдастыру
дене шынықтыру пәні бірлестік жетекшісіне тапсырылсын.
6. Осы бұйрыққа сәйкес тиісті жұмыстарды үйлестіру, басшылық пен бақылау
жасау және орындалу жауапкершілігі мектеп директорының орынбасарлары
К.Усенов пен Р.Есжанова жүктелсін.

Мектеп директоры:



А.Камбарова



№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде
2023 жылдың 29 қараша мен 26 желтоқсан аралығында «Зорлық-зомбылыққа
қарсы 16 күн» республикалық науқанын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Мектепте «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» республикалық науқанына байланысты бұйрық шығару және іс-шаралар жоспарын жасап бекіту.	29.11.2023 жыл	директор орынбасары
2	Республикалық «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» науқанының ашылуы.	30.11.2023 жыл	мектеп әкімшілігі
3	«Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» атты флешмоб өткізу.	30.11.2023 жыл	ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшісі, тәлімгер
4	Балаларға қатысты зорлық-зомбылық әрекеттерінің профилактикасы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру мәселелері бойынша кеңес өткізу.	04.12.2023 жыл	мектеп әкімшілігі
5	«Балалардың құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері» тақырыбында талқылау өткізу.	05.12.2023 жыл	директор орынбасары, педагог-психолог
6	«Бақытты отбасы балалар көзімен» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына шығарма жазу байқауын өткізу.	06.12.2023 жыл	қазақ тілі пәнінің мұғалімдері
7	Мектептің 5-11 сынып оқушыларына «Бақытты отбасы балалар көзімен» тақырыбында тренинг сабақтар өткізу.	06.12.2023 жыл	сынып жетекшісі, педагог-психолог
8	«Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында ата-аналарға жиналыстар өткізу.	07.12.2023 жыл	сынып жетекшісі, педагог-психолог
9	Мектепте «Зорлық-зомбылықтың алдын алу. Отбасы, мектеп, қоғам мәселесі» тақырыбында семинар өткізу.	08.12.2023 жыл	директор орынбасары, педагог-психолог
10	«Зорлық-зомбылықтан қорғау – ардың ісі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу.	11.12.2023 жыл	әлеуметтік педагог, педагог-психолог
11	«Отбасының берекесі – үйлесімділікте» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларына лекция өткізу.	12.12.2023 жыл	ұйымдастырушы педагог, тәлімгер
12	«Зорлық-зомбылықсыз өмір» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу.	13.12.2023 жыл	кітапханашы, педагог-психолог
13	Жастар ұйымдары, волонтерлер, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерімен отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында кездесулер ұйымдастыру.	14.12.2023 жыл	директор орынбасары, ұйымдастырушы педагог
14	«Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың, әлімжеттіктің алдын алу» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына түсіндіру жұмыстарын жүргізу және түрлі видеороликтер көрсету.	15.12.2023 жыл	ұйымдастырушы педагог, сынып жетекшісі, тәлімгер

15	Мектепте балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Ашық есік» күндерін ұйымдастыру.	15.12.2023 жыл	директор орынбасары, педагог-психолог
16	Отбасы құндылықтарын насихаттау бағытында «Мен және менің отбасым», «Әкем, Анам, Мен» тақырыбында спорттық сайыстар ұйымдастыру.	20.12.2023 жыл	дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері
17	Кәсіби медиаторлар, зиялы қауым өкілдерін, ардагерлер мен үлгілі отбасылармен «Ел бірлігі – отбасының татулығынан басталады» тақырыбында кездесу және дөңгелек үстел өткізу.	21.12.2023 жыл	директор орынбасары, ұйымдастырушы педагог
18	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық – қоғам кеселі» тақырыбында лекция өткізу.	25.12.2023 жыл	сынып жетекшісі, педагог-психолог
19	Науқан барысында өткізілген іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жариялау.	25.12.2023 жыл	ұйымдастырушы педагог, тәлімгер
20	Атқарылған жұмыстарды қорытындылау және ауданның білім бөліміне мәлімет талсыру.	26.12.2023 жыл	мектеп әкімшілігі

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасарлары:



К.Усенов
Р.Есжанова